

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗГЕН СЫРТҚЫ САЯСАТЫ (XV Ғ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XVI Ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫ)

Т.З. РЫСБЕКОВ*

С.Т. РЫСБЕКОВА***

Б.Ғ. ШЫНТЕМІРОВА****

Түйіндеме: Еліміздің қазіргі кезеңдегі даму тарихын ғылыми жетістіктерінің негізінде түсініп, ұлттық тарихымыздың біртұтас бейнесін қалыптастыруымыз қажет. Бұл ретте оқиғаларды жариялағанда объективті шындық принципін басшылыққа алу қажет және жалған тарих жасап, оны бұрмалауға жол бермеу керек. Өткендерге ғылыми, объективті және диалектикалық көзқарас тарихи оқиғалардың барысына ықпал жасаған жеке тұлғаларға дұрыс баға беруге мүмкіндік береді. Кейбір жағдайда тарихты дәлденбеген қағида, болмаса зерттеусіз соқыр сезімге ғана сүйенген пікір ретінде қарадық. Шындығында бұл мүлдем олай емес. Тарих белгілі бір тәсілмен жазылмайды. Белгілі бір тарихи оқиғаны бағалау әрқашанда тиянақты тарихи деректер мен дәлелге сүйенеді. Қазақ хандығының қалыптасу және даму тарихын ондағы жеке тұлғалар, әрбір оқиғалар мен айтулы күндер зерттегенде олардың әрқайсысының ерекше орны бар. Мұның барлығы ұлты мен мекенінің қалыптасуының, бүтіндей алғанда оның этникалық дамуы мен халықаралық аренаға шығуының куәсі болып табылады. Біз қарастырып отырған кезеңде қазақ хандығы қалыптасу, нығаю, «уақытша әлсіреу» күшею және қазақ халқының этникалық территориясының толық қалыптасу кезеңдерінен өтті.

Anahtar Kelimeler: Қазақ хандығы, сыртқы саясат, Мұхаммед Қайдар Дулат және Қадырғали би Қасымұлы, Моғолстан, Қасым хан.

Foreign Policy of Kazakh Khans (Second Half of XV C. - 20-30 Years Of XVI C.)

Abstract: In some cases, we viewed history as incorrect rule or opinion based on blind feelings without research. In fact, this is not at all the case. History cannot be written in a certain way. Assessment of a particular historical event is always based on reliable historical data and arguments.

We must understand the history of the country's development based on its scientific achievements and form a single image of national history. At the same time, when covering events, it is necessary to be guided by the principle of objective reality and prevent falsification and distortion of false history. Scientific, objective and dialectical approach to the past makes it possible to give a correct assessment to individuals who influenced the course of historical events.

History of formation and development of the Kazakh Khanate is of particular importance when studying individual personalities in it, each event and significant day. All this is evidence of formation of the nation and homeland, its ethnic development and entry into the international arena as a whole. During the period under consideration, the Kazakh Khanate passed the stages of formation, strengthening, “temporary weakening” and complete formation of the ethnic territory of the Kazakh people.

Key Words: Kazakh Khanate, foreign policy, Muhammed Haidar Dulat and Kadyrgali bi Kasymuly, Mongolia, Kasym Khan.

Кіріспе

Қазақ хандығы қалыптасып, бірте-бірте күшейіп халықаралық аренаға шығуына байланысты территориялық шекараларын бейбіт түрде, болмаса соғыс саясатын қолдану арқылы нығайтуға тиісті болды. Мұны халықаралық саясаттың негізгі міндеттері – геосаяси кеңістікте нығайту және бейбіт қауіпсіздікті қамтамасыз ету талап етті.

Қазақ хандығының хандары мемлекеттің қалыптасу мен дербестігінің нығаюы барысында оңтүстік және шығыс шекарасының қауіпсіздігінің мәселелерін шешуге бағытталған бірнеше шараларды іске асырды.

Қазақ хандығының қалыптасу мәселелерін Мұхаммед Қайдар Дулат тарихи тұрғыдан, өзінің бірінші кітабында былай баяндайды: Әбілхайыр хан – қыпшақ даласында түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер бір пәленің иісін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді. Сол уақытта Моғолстан хандығын билеу

* М.Өтемісов атындағы БҚУ, tuyakbai.rysbekov@mail.ru

*** Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, saltanat.rysbekova@mail.ru

***** Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, ansar_2004@mail.ru

кезегі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға ханның оларды қатты құрметтеп, оларға Моғолстанның бір шетін белгілеп берді. Олар осы жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп тыныш өмір сүріп жатты [Дулат, 2017;357]. Өткендегіге көз салсақ Әбілқайыр хандығы XV ғасырдың екінші жартысында Дешт-и Қыпшық даласында Ақ Орда және Өзбек хандығын билеген қуатты мемлекеттік бірлестік болатын. Әбілқайыр ханның билік басындағы шектен тыс жауыздық саясаты сұлтандар арасында наразылық туғызды. Осы жағдайды пайдаланған Керей мен Жәнібек оңтүстікке Жетісу жаққа (Моғолстан) көшіп кетті. Ол жөнінде М.Х.Дулат, Ш.Құдайбердіұлы, Асан Қайғы, І.Есенберлин, М.Мағауин еңбектерінде баяндалады.

Керей мен Жәнібекке жер бере отырып Есенбұға ханның өз мақсаты болды. Бұндай жағдай Әбілқайыр хандығын толық күйретіге алып келуі мүмкін болатын. Көшіп келгендерді өзіне бодан еткісі келді.

Екінші жағынан, Есенбұға қазақ сұлтандарын өзінің басқа қарсыластары ойраттар мен қырғыздарға қарсы пайдаланып, бірнеше саяси сыртқы мәселелерді шешуді жоспарлады. Егерде ортағасырлық жазба деректерге сүйенетін болсақ Есенбұға өзінің көздеген мақсаттарын жүзеге асыра алғанына көз жеткізе аламыз. XV ғасырдың ортасында Моғолстан мемлекеті оңтүстік шығыс Қазақстан, қазіргі Қырғызстан мен Қашқария территориясына иелік етті. Оның құрамына моғол, дулат, үйсін, керей, арғын, жалайыр және т.б. тайпалар енді.

Қазақ сұлтандары Керей мен Жәнібек Моғолстан ханы Есенбұға мен жасаған одақтарында 70 жылдай өмір сүрді. Бірақ бұл жағдайды сұлтан Рашид бұзды [Дулат, 2017:110]

Мұхаммед Қайдар Дулат еңбегінде [Дулат,2017:70-72; 80-87; 90-104] Моғолстан мемлекеті жөнінде ақпарат беріледі. Автор Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдай жөнінде және Қазақ хандығы құрылғанға дейін Мәуреннахр территорияларында Темір династиясының мемлекеттерімен саяси байланысы туралы мәлімет береді.

Әрине, Моғолстан билеушісі мен Қазақтан арасындағы одақ берік болды деп тиянақты айту мүмкін емес. Өйткені олар өздерінің мүддесін көздеді және шайбанидтер одағымен, қатынасымен негізделді, сондай-ақ соның нәтижесінде кейде қазақтармен озық қатынасын бұзып отырды. Мысалы, ханзада Шайбанид Мұхаммед Шайбани кезінде Моғол ханы Хусаин мырзаның көмегімен бірнеше қазақ бекіністерін ішінде Ясы (Түркістан) да бар, басып алды [Абдуалиев, 2011:195].

Моғолстан мен қазақ хандығының арасындағы одақ сұлтан Саид пен Қасым хан кезінде шынайы мәніне ие болды. Мұхаммед Қайдар Дулат сұлтан Саид хан жөнінде мынадай сипаттама береді: «Сұлтан Саид хан қадірлі, бақытты және қуатты патша еді. Әр түрлі қасиет дарыған, мақтан етерлік мінез-құлық бойына біткен ол жасы қырық сегізге қараған шағында Хақ тағаланың рахыметіне бөленіп, о дүниеден орын алды. Оның қайырымды, игі істерінде қырағы көзге түсер кемшілік болмады. Әңгімесі өте айшықты, түрікше де, парсыша да сөзге де шешен болатын. Егер біреуге тіл қататын болса, тілдесер алдында жымыяп алатын, әрқашан көңілді ашық-жарқын, қайырымды да кішіпейіл болатын. [Дулат, 2017:170].

Мұхаммед Қайдар Дулат Қасым хан жайында да қызықты мәліметтер береді: «Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тындап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлдары болған. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары болған. Соның бірі Әдік сұлтан еді.

Әдік сұлтаннан кейін Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Бұрындық ханды қуып жіберді. Сонымен Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді.

Алайда Қасым хан Қыпшақ даласын түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы әскерінің саны мың-мыңнан (миллион) асатын еді. Ақырында 924 хижри кәмәри (1518 милади) жылы қайтыс болды.

Қасым хан хандық атағының жарлығын өзіне алмай-ақ жатқан кезде оның үстемдігінің күштілігі соншалықты жоғары болғандықтан, Бұрындық ханды ешкім ауызға да алмайтын. Алайда Қасым хан Бұрындық ханның жанында болуды қаламайтын. Өйткені оның жанында болатын болса, оны құрмет тұтуға тура келді. Егер де құрмет керсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. Ал құрмет тұтқан жағдайда, өзі іштей оған бағынғанын мүлдем ұнатпайтын. Сондықтан Қасым хан одан іргесін аулақ ұстайтын. Бұрындық хан Сарайшыққа қоныс тепті. Қасым хан одан мүмкіндігінше қашық жүрейін деп Моғолстан шекарасына кетіп қалды.

Қасым хан Қараталда қыстап, ерте көктемде өзінің туған өлкесіне қайта оралмақ болған еді. Сонда бұған Кетекбектен бір кісі Сайрам әкімімен бірге келіп, Сайрамның кілтін оған алып барып, оған тарту етті. Әрі Ташкентті алуды үгіттеді. Қасым хан қалың қолмен Ташкентке бат алды. Сүйіншік хан Ташкент қамалына тығылды. Қасым хан сонда барды. Ташкент қамалында бір түн түнеп, қайтты. Ташкент маңына шабуыл жасап, тапқанын тонап кетті. Сайрам айналасындағы жайлауға малын жайды. [Дулат, 2017: 357-359].

Мұхаммед Қайдар Дулат Саид хан мен Қасым ханның өзара сыйластығын да айтып кетеді: «Қасым хан Саид хан алдына келгенде жылы жүздесіп құрметтегені сондай, хан өмірінің соңғы сәтіне шейін оның кішіпейілділігін ұмытқан емес. Әрқашан сырласа қалғанда хан оны еске алып /Алла тозақ отынан құтқарғай/: «Қасым хан асқан мәрт адам болған», - деп отыратын және онымен қалай танысқанын баян ететін-ді.

Осындай бір кездесуде Қасым хан Саид ханға жақындап: «Біз дала халқымыз, бұл жерде алуан-түрлі бұйымдар да жоқ, үй салу машақаты жоқ. Ең қымбат байлығымыз - жылқы және ең дәмді тағамымыз - оның еті, әрі ең сүйкімді сусынымыз - оның сүті және оның өнімдері.

Біздің өлкемізде бау-бақша мен ғимарат та жоқ. Серуендейтін жеріміз - малдың жайлауы, жайлауға барып, жылқыларды тамашалаймыз, бірер сағат қызықтаймыз»-деп Саид ханды ертіп, үйірге жақындатып, алып барды. Барлық шаруа мен жылқыларды көрсетті. Сосын Қасым хан тағы да ханға қарап: «Менің екі арғымағым бар, екеуі бүкіл үйірге татиды», - деп арғымақтарды алып келді. Саид хан мына екі сәйгүліктей жылқыны ешқашан көрмегенін талай рет сүйсіне әңгімеледі.

Қасым хан: «Дала халқы - жылқының күш-қуатына қарай тіршілік етеді. Мен де осы екі арғымақтан басқа өзіме лайық сенімді ат жоқ. Сондықтан екеуін бірдей сізге тарту ете алмаймын. Енді сіз қадірлі қонағым болғандықтан екеуінің бірін тандап, қабыл алыңыз да біреуін маған қалдырыңыз», - деді. Ол әрқайсысын жеке-жеке сипаттап шықты. Саид хан біреуін алды. Ол арғымақтың аты - Оғылан Тұрық еді. Шынында да ондай арғымақ бұдай кейін туған жоқ. Қасым хан тағы бірнеше атты сол үйірден тандап алдына тартты.

Жаз айының аяғы еді. Қазақтар Қасым ханның бұйрығымен қыстауға бет алды. Қасым хан: «Бұл кезде Шейбанға шабуыл жасау қиын. Дала елі қазірден қыстың қамын жемесе болмайды. Қазіргі кезде жорық жасау мүмкін емес. Әрі бұл уақытта әскер де жинала алмайды» - деді. Ол жорыққа шығудан бас тартты. Кешірім сұрады. Бірақ әртүрлі адамгершілік, ілтипат көрсеті, Саид ханға қайтуына рұқсат етті. Өз көшін туған жеріне қарай бастады. Саид хан өте қатты риза болып, қайта Әндіжанға аттанып кетті. [Дулат, 2017 : 361-362]

Дулат еңбегінде Саид хан мен қазақ ханы Тахирдың өзара қатынасы да баяндалды.

Қазақ хандығы мен Моғолстан арасындағы қатынастағы шұғыл өзгерістер 1533 жылы билікке Саид ханның баласы Абд ар-Рашидтің келуімен басталды. Ол орнатылған достық өзарақатынасты бұзды және өзінің жеке саясатын жүргізе бастады. Ол ерте кезден жергілікті тұрғын ретінде елестетіп келген қазақтарды Жетісудан қууға бағытталды. Бұл мақсатын іске асыру үшін XVI ғасырдың 20-шы жылдарында қалыптаса бастаған Шайбанидтер ханы Ұбайдолламен одақ құрды. Сөйтіп Рашид хан өзінің басқару кезеңінде сыртқы саясатында осы бағытты ұстап, қазақтар мен қырғыздарға қарсы әрекеттер жасады.

Қазақ хандығының тарихында өзбек-шайбанидтермен арада бұдан да күрделі сыртқы саяси жағдай орын алды. Шиленису Шибан ұлысы мен Шығыс Дешт-и Қыпшақты басқару 17 жасар Әбілқайырдың қолына өткенде басталды. Оның басты мақсаты Шибан ұлысының саяси бытыраңқылығын жойып, оны біртұтас жасау еді. Әбілхайырды бұл бағытта дін қайраткерілері мен саудагерлер қолдады. Оның алғашқы жеңісі ешқандай ұрыссыз Тұрды (Тарап) бағындырған еді. Бұл қала кейін астанаға айналды. Сондай-ақ осы төңкеріске Шибан династиясының өкілдері бірікті. [Ахмедов,1965: 48]

Ол Шайбанид ұлысының ыдыраған негізгі бөлігін, Хорезм астанасы Үргеншке жорығына дейін біріктірді. 1446 жылдан бастап Әбілхайыр бүкіл Шығыс Дештіндегі қыпшақтарды біріктіріп, бүкіл аймақты жеке дара билік жүргізу үшін күрес бастады. Өзінің әмірлері мен қолбасшыларының басқаруына Сырдария бойына орналасқан Сығанақ (1446 жылдан астана болды) Аққорған, Аркөк, Созақ, Өзкентті бөліп берді. Әбілхайыр хандығының 1446-1457 және 1457-1459 жылдар аралығында биліктің құлдырауы мен нығаюы кезеңі болды [Кәрібаев, 2011:52]

Әбілхайыр өлгеннен кейінгі кезеңде Қазақ хандығының басты қарсыластары оның балалары Шайх-Хайдар мен Мұхаммад Шайбани немересі сұлтан Махмуд болды. Күрес негізінен Шығыс Қазақстанның далалық аудандарында және Сыр бойындағы қалалардың төңірегінде өтті. Бұл күресті бірнеше кезеңмен қарастыруға болады. Бірінші кезең 1469-1470 жылдарды қамтиды. Қазақ хандығына қарсыластық білдірген Әбілхайырдың баласы Шайх-Хайдар болды. Ол Ибан ханнан жеңіліс тауып шайқастардың бірінде өлтіріледі. Мұхаммед Шайбани мен оның інісі алғашқыда Хадж Тарханнан қолдаушылық сұрады, содан кейін Мәуреннахрдан қашуға мәжбүр болады. [Иманбекова, 2012:57]

Екінші кезең XV ғасырдың 70-ші жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде қазақ хандары Мухаммад Шайбаннимен Ноғай ұлысының мырзасы Мұса мен күресті. Бұл кезең Керей хан мен Жәнібек хан, сондай-ақ Керейдің ұлы Бұрындық дәуірі аталады. Қазақ хандарының Орталық Қазақстанды шынайы саяси күшке айналдыруымен қарсылық көрсете алмаған. Мұхаммад Шайбани Маңғыстауға кетуге мәжбүр болды.[Кәрібаев, 2011].

Үшінші кезең (XV ғасырдың 80-90-шы жылдары) Сыр бойындағы қалалар үшін күреспен өтті. Бұл кезеңдегі күреске тимуридтер мен Моғол хандары белсенді араласты. Бұл кезеңнің шайқастары өзінің қатігездігімен және табандылығымен ерекшеленеді. Бұл кезеңде Моғол ханы Жүніс Ташкент және Сайран қалаларын ал оның баласы Сұлтан Махмұд Түркістан қаласын [Дулат, 2017:136,141] алды. Олар Мұхаммед Шайбаниге Сауран қаласын басып алуға көмектеседі. [Иманбекова, 2012:58].

Бұл уақытта Оңтүстік Қазақстан екі бөлікке бөлінген еді. Шайбанидтерге Отырар, Ясы, Аркок және Узкент қаласы тиісті болды.

Қазақ хандарының Сыр бойындағы қалалар үшін күресінің келесі кезеңі Бұрындық хан мен Қасым ханның дәуіріне келеді. Бұл кезеңнің ерекшелігі - күреске белгілі бір территорияны мекен еткен және бір мемлекеттің құрамына енетін рулар тартылды. Мәуреннахрдағы билікті қолға алған Шайбанидтер Қазақ хандығының нығаюына

барынша кедергі жасауға тырысты. Осы мақсатта сауда байланыстарына кедергі жасап, олардың жерлеріне жиі шабуыл жасады. Бұл оқиғалар 1503-1504, 0505, 1509 жылдары орын алды. [Кәрібаев, 2011]

Шайбанидтер Қазақ хандығына төрт жорық жасады. Жоғарыда көрсетілген жылдардан басқа 1510 жылы да қайталанды. Алғашқы үш жорықта Мұхаммед Шайбани жеңіске жетіп, үлкен даңққа ие болды. Сондықтан да Бұрындық ханның беделінен айырылып, халықтың оған көңілі қалды.

Қазақ хандығы Қасым ханның арқасында тағы да жеңіске жетеді. Оның кезінде әскер нығайып, шабуыл тақикасына ерекше көңіл бөлінді. Қасым хан әскери дипломатияға аса зор көңіл бөлді. Европалық аренаға шыға отырып, ол орыс патшасы Василий III-мен дипломатиялық байланыс орнатты. Оның кезінде Сайрам қаласы қастарында Мәуреннахрдың басып алу әрекеті жасалды. Ол алдымен Моңғолдармен одақ жасады, Ташкент ханы Сүйініш Қожамен шайқасты. Бұл шайқаста өзі жараланып шегінуге мәжбүр болды. Моғолстан ханы Саидпен одақ құрды 1570 жылы Мұхаммед Шайбани қайтыс болғаннан кейін мемлекет екіге бөлініп, өлкенің саяси жағдайы Қазақ хандығының пайдасына шешілді. Бұл жөнінде Дулат Мұхаммед Қайдар өзінің бірінші кітабында толық баяндайды. [Дулат, 2017:357-359].

Қасым ханнан кейінгі кезеңде Қазақ хандығы «әлсіреу» жағдайында болды. Ішкі өзара қырқысу нәтижесінде және сыртқы қақтығыстарда көптеген қазақ хандары мен сұлтандары өлді.

Қорытынды

Қазақ хандығы өзінің қалыптасу кезеңінен бастап-ақ сыртқы саяси байланыстарға аса көп көңіл бөлді. Бұл ең алдымен, мемлекеттің территориялық кеңеюімен және өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты болды. Бұл мәселелерді шешу үшін Қазақ хандары дипломатиялық байланыстарға, одақтар құруға және әскери қақтығыстарға барды. Біз қарастырып отырған дәуір күрделі жағдайда, әсіресе Шайбанидтермен арада өтті. XVI ғасырдың ортасынан бастап Моңғол дәуірінен кейін Орталық Азия жаңа ұлттық мемлекет қалыптаса бастады Орталық Азияда жаңа геосаяси жағдай қалыптаса бастады. Қасым хан басқару дәуіріннен бастап Қазақ хандығының Орталық Азиядағы жағдайы нығая бастайды. Шаруашылық дамып, мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысып, отырықшы өмірдегі көшпелілердің арасында байланыс кеңейді. Бұл қазақтардың ұзаққа созылған этникалық топтасу процесінің аяқталуына себепші болды. Бұл тек этникалық қалыптасу бастауына ғана емес, мемлекеттік территорияның қалыптасуына әсер етті. Қасым хан билігі кезінде қазақ хандығының территориясы батыста Сыр бойына дейін, оңтүстік-батысында Түркістан қаласын қосатын жерді алып жатты.

Кейбір дереккөздерге қарағанда оның билігі кезінде қазақ хандығының территориясы Балқаш көлі жағалауынан басталып Ұлытауға дейін жетті, ал солтүстік-батысында Жайық өзеніне дейінгі орналасты. Сөйтіп, Қазақ хандығы Сыр бойындағы қалаларды Жетісу мен Мәуреннахрдағы қайтарып алып, көрші мемлекеттермен көршілік өзара қатынастар шеңберін өзгертті.

ҚАҰНАҚСА

Дулат, Мухаммед (2017), *Тарих-и Рашиди. Төртінші басылым*: Алматы «Қазақпарат»
 Абдуллаев, Асқар (2011), *Взаимоотношения казахского с правителями государств шейбанидов и Моголстана в первой половине XVI века по «Тарих-и Рашиди» М.Х. Дулати и другим источникам/ Проблемы древней и средневековой истории Казахстана/ Материалы II Международных чтений по творчеству М.Х. Дулати*- Алматы.

Ахмедов, Бурибай (1965) *Государство кочевых узбеков*. -Москва: «Наука».

Кәрібаев, Берекет (2011). «Көшпелі өзбектер» мемлекеті тарихының кейбір мәселелері жөнінде // «Тарих ғылымының өзекті мәселелері мен келешегі/ ХАПК материалдары. -Алматы

Иманбекова, (2012) *Борьба казахского ханства против Шайбанидов за при Сырдаринские города (по «Тарих-и Рашиди» М.Х. Дулати) // Материалы МНПК «VII Дулати оқулары». -Тараз.*

Кәрібаев, Берекет (2011) *Қасым хан//Ана тілі, -20 шілде.*